

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес**

*Қатысқандар саны: 37*

Геолог емханасының заңгері Б.А. Туралиева сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалармен сонымен қатар комплаенс қызметі бойынша таныстырды. Қызметтің негізгі мақсаты комплаенс бағдарламасын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша саясатты айқындау, сондай-ақ қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған комплаенс бағдарламасының маңызды элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау болып табылады.

Комплаенс (ағыл.) «сәйкестігін». Бұл функция ұйымның ішкі рәсімдерінің халықаралық және жергілікті реттеуші стандарттарға сәйкестігін бақылайды.

Қоғамның әдеп және мінез - құлық кодексі (бұдан әрі-Кодекс) ескірген Әдеп кодексін алмастырды. Кодекс анағұрлым жалпыны қамтитын құжат болып табылады және этика нормаларынан басқа мінез-құлық стандарттары мен қызметкерлердің міндеттерін, сұрақтар мен жауаптарды, сондай-ақ түсіндірулерді қамтиды. Құжат комплаенс тәуекелдерді ішкі бағалау негізінде және паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қағидаттарына сәйкес әзірленді.

Комплаенс-қызметінің жедел желісі адалдық, ашықтық және адалдық қағидаттарына берілгендікті көрсететін корпоративтік мәдениетті дамытуға және қолдауға ерекше көңіл бөледі.

Оң имиджін одан әрі сақтау мақсатында Комплаенс-қызметі заңнаманы және/немесе әдеп және мінез-құлық кодексін бұзушылықтарды, оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және қоғам қызметіне қатысты өзге де бұзушылықтар жағдайларын уақтылы анықтау және алдын алу үшін жедел желіні іске қосты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында

сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарына қатысты 20.05.2019 жылы өткізген кеңейтілген жиналыс барысында қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өткені баршамызға мәлім. Сондықтан осы кеңейтілген мәжілісте көтерілген өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

### **Сыбайлас жемқорлық туралы қалай дұрыс хабарлау керек**

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау-әрбір азаматтың ісі. Егер Сіз құқық бұзушылықтың куәсі болсаңыз 1424 тел номеріне хабарласа аласыздар

Емхана бойынша комплаенс офицері- Б.А. Туралиева тел: 87122-52-18-08 телефоны арқылы хабарласа аласыздар.